

Педагогика мәселелері Вопросы педагогики

2006 жылдың қаңтар айынан бастап шыға бастады

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2004 жылы 8 шілдеде есепке тіркеліп, №5214-Ж куәлігі берілген.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАТЫН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
ЖУРНАЛ
№3 (51) 2018

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Амалбекова Марал Бимендинқызы,
филология ғылымдарының докторы,
доцент

Аутаева Ақбота Нұрсұлтанқызы,
психология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Баймолдаев Тұрсынбек Молдаханұлы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Бекмағамбетова Роза Қарпыққызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Жұмабаева Әзия Елеупанқызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Иманбаева Сәуле Тоқтарқызы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Каримова Раушан Бидалиқызы,
психология ғылымдарының докторы,
профессор

Кеңесбаев Серік Мұхтарұлы,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

Кұлсариева Ақтолқын Тұрлықанқызы,
философия ғылымдарының докторы,
профессор,
ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті

Бас редакторы

Әбиева Фарида Бейбітқызы

Редактордың орынбасары

Темірбаева Анар Қадірқызы

E-mail:

pedagogika.kz@rambler.ru

Редакция телефоны:

8 (727) 397 73 64

*«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр»
Н.Ә. Назарбаев*

Көшіріп басуда

«Педагогика мәселелері.

Вопросы педагогики»

журналына сілтеме жасаңыз.

*Редакцияға арналған хаттар мен мақалаларыңызды мына адреске жолдаңыздар:
050010, Алматы қаласы 010, абонент жәшігі 62
«Педагогика мәселелері. Вопросы педагогики» журналының редакциясына*

Меншік иесі: «НҰР» өндірістік-мәдени дизайн орталығы ЖШС

Таралымы: 500

Басылатын жері:

ЖК «Әкімбаев Қ.Б.» баспаханасы,

Төле би көшесі, 302,

Алматы қаласы

Педагогика мәселелері Вопросы педагогики

Издается с января 2006 года

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ
ИЗДАЕТСЯ ОДИН РАЗ В ДВА
МЕСЯЦА

*Журнал поставлен на учет
в Министерстве
информации Республики Казахстан.
Свидетельство №5214-Ж от 8 июля 2004 года*

№3 (51) 2018

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:

Амалбекова Марал Бимендиновна,
доктор филологических наук, доцент
Аутаева Акбота Нурсултановна,
кандидат психологических наук, доцент
Баймолдаев Турсынбек Молдаханович,
доктор педагогических наук, профессор
Бекмагамбетова Роза Қарпыковна,
доктор педагогических наук, профессор
Жумабаева Азия Елеупановна,
доктор педагогических наук, профессор
Иманбаева Сауле Токтаровна,
доктор педагогических наук, профессор
Каримова Раушан Бидалиевна,
доктор психологических наук, профессор
Кенесбаев Серик Мухтарович,
доктор педагогических наук, профессор
Кулсариева Актолкын Турлукановна,
доктор философских наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК

Главный редактор

Абиева Фарида Бейбитовна

Заместитель редактора

Темирбаева Анар Кадировна

E-mail:

pedagogika.kz@rambler.ru

Телефон редакции:

8 (727) 397 73 64

При перепечатке ссылка на журнал
«Педагогика мәселелері.
Вопросы педагогики» обязательна.

Рукописи и фотоснимки не
возвращаются и не рецензируются.

*Письма и материалы для редакции
отправить по адресу:
050010, г. Алматы 010, а/я 62
редакция журнала
«Педагогика мәселелері.
Вопросы педагогики»*

Собственник: **ТОО**
**Производственно-культурный
дизайн-центр «НУР»**

Адрес редакции:
г. Алматы, ул. Л. Хамиди
(уг. М. Макатаева) 4«а», 13-кабинет

Тираж: 500

Отпечатано:
в типографии ИП «Әкімбаев Қ.Б.»,
ул. Төле би, 302, город Алматы

сов на основе подготовки педагогов в области информатизации образования. // Материалы международной научно-практической конференции «Экономика и менеджмент знаний: глобальный контекст и казахстанские реалии» / – Алматы: КазУМОиМЯ – 2012. С. 752-756.

3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т.

Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

4. Бостанов Б.Г., Калмуқан А. Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларын пайдаланудың тиімділігі // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Начальная школа и физическая культура». – Алматы, 2015. – №1 (44). – С. 105-108.

5. Шекербекова Ш.Т. Компьютерлік оқу-әдістемелік кешен жасау және оны оқу үдерісінде қолдану ерекшеліктері // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Физико-математические науки» №3 (47). 2014.

Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі – Педагогика

Қ.Т. ТУКЕНОВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
«Кәсіптік оқыту» кафедра меңгерушісі

К.Б. АХАТАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

А.Ж. КУПЕРБАЕВА, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Алматы технологиялық университеті, Алматы қаласы

Түйіндеме

Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың адами капиталды қалыптастыру саясаты, оның педагогика ғылымымен сабақтастығы, кафедраның нәтижеге бағытталған мәдени іс-шараларының өтілу барысы жан-жақты баяндалған.

Кілт сөздер: Адами капитал, педагогика, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілет, прагматизм, ұлттық сана.

Резюме

В статье описывается процесс политики Президента Республики Казахстан Н.Ә. Назарбаева по формированию человеческого капитала, его преемственности в педагогической науке и успешности культурной деятельности кафедры.

Ключевые слова: Человеческий капитал, педагогика, духовное обновление, конкурентоспособность, прагматизм, национальное сознание.

Summary. The article describes the process of policy of the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev on the formation of human capital, its continuity in pedagogical science and the success of the cultural activities of the department.

Keywords: Human capital, pedagogy, spiritual renewal, competitiveness, pragmatism, national consciousness.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы жүзеге асатын он негізгі міндеттерді атап көрсеткен. Қарастырылған он міндеттің жетіншісі: «Адами капиталдың жаңа сапасын қалыптастырудағы» пікірі мынадай:

«Білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман шындығы мен экономика сұраныстарына жауап беруі тиіс азаматтарды қамтитын, білім беру ісінде өзіміздің озық (тәжірибемізді) жүйемізді құруды жеделдету қажет. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар Қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуы тиіс» [1].

Сол сияқты мемлекет басшысы педагогикалық білімді жақсарту мәселесіне ерекше көңіл аударғандығын байқаймыз. Себебі, педагогика – тәрбие жөнінде, оқу, білім, даму, яғни, адамның қалыптасуын анықтайды. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздікте былай делінген: «Педагогика – тәрбие жайында оқытатын ғылым. Күрделі

қоғамдық жағдайда таңдап алынатын көп қабатты әртүрлі қарым-қатынас» [2]. Демек, жастарымыздың заман талабына сай маман болуы үшін бейімделіп қана қоймай, өзгеру мен даму жасампаз жаңа әрекеттерді тәрбие арқылы жүзеге асыру өзекті болып қала беретіндігі шындық.

Белгілі ғалым Л.С. Выготский: «Ең алдымен, білім алушыны бір әрекетке тарту үшін, сен оны қызықтыр, оның бұл әрекетке дайын болуы үшін қамқорлық жаса» дейді. [3].

Жоғары кәсіби білім берудегі студенттердің бойына, осы заманғы ғылыми дүниетанымды қалыптастыру қажетті біліммен толығымен, теориялық білім берудегі әрбір оқытушының құзырында екендігі белгілі. Ал, сабақтан тыс уақыттағы оларды тәрбиелеушілік мүмкіндіктердің астасып жататындығы сөзсіз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты жаңа бағдарламалық мақаласында: «Санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс» деп нақты міндет қойғаны мәлім [4].

Расында, мемлекет басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларынан жастар тақырыбы тыс қалмағандығын байқаймыз. Қоғамның дамуы, сондағы өмір сүріп жатқан адамдардың қарым-қарекетіне байланысты екендігі ежелден-ақ белгілі дүние. Сол себепті, адам капиталын жетілдірудегі педагогиканың атқарар міндеті зор. Ол отбасынан басталатын тәрбие – ел үшін өте маңызды. Жоғарыдағы елбасының мақаласын Алматы қаласы әкімшілігі Ішкі саясат басқармасының өкілдерімен 2017 оқу жылының 12-қазан күні университет ұжымы бірлесіп, талдау жиынын өткізді. «Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының профессор оқытушылар құрамы ұйымдастырып, студент-жастардың белсенді қатысуына бағыт-бағдар бергендігі мәлім.

Рухани жаңғыру.

1. XXI ғ. Ұлттық сана туралы қарастырылған 6 мәселе жан-жақты талқыланды.

1) Бәсекелік қабілет.

2) Прагматизм.

3) Ұлттық бірегейлікті сақтау.

4) Білімнің салтанат құруы.

5) Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

6) Сананың ашықтығы.

2. Таяу жылдардағы міндеттер бойынша университеттің Ғылыми кітапхана директоры Бақыт Тұрсағұлқызы Төлекова интерактивті әдіспен тың деректерді хабардар етті. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары және Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасымен берілген слайд бойынша сауалдар туындап, ерекше әсермен өткен жиын болды.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі тығыз байланыстылық №4 студент-жастар жатақханасында жалғасты.

2017 оқу жылының 21-қараша күні «Қазақстандық патриотизм» тақырыбындағы Дөңгелек үстелдің ерекшелігі жатақхана студенттері ғана емес, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы қатысып, өзара пікірлер айтылып, түйін жасалды.

Дөңгелек үстелдің мақсаты: бүгінгі ақпарат ағыны тасыған өмірдегі талаптарға сай бейімдеу, сана сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған қағидалардан арылу, ұлттық рухани тамырынан нәр алу, көш басындағы елдермен тең ұстауды қалыптастыру. №4 жатақхана меңгерушісі Сәуле Сапашқызы Сапашева қазақ даласының талантты жастарға бай екендігін, жоғары адамгершілікті, жауапты, білімді, білікті жастардың іс-әрекеттерін айтып, жатақхана студент-жастарына алғысын білдірді.

«Кәсіптік оқыту» мамандығының 2-курс студенті Садыбаева Әнел: Қазақстандық патриотизм – Қазақстан тарихына, мәдениетіне, өнеріне, тарихи ескерткіштері мен жалпы рухани құндылықтарына құрмет және мақтаныш жағдайында қалыптасады» – деп айтқан пікірі, «Менеджмент» мамандығының 1-курс студенті Маратова Аяулымның өзі шығарған «Тәуелсіздік тұғырым» атты өлеңі әсерлі болды:

«Тәуелсіз ел, тәуелсіз ел айбынды,

Ата-бабам қорғаймын деп бас ұрды.

Қанша қасірет, қанша азап шексе де,

Қазақ елім «Тәуелсіз» ел атанды!

Әрине, басқа да студент-жастар әр қырынан көрініп, дөңгелек үстелдің мазмұнды өтуіне атсалысты.

Кафедараның ұстаз-ғалымдары студент-жастарға Елбасы саясатының қазіргі таңдағы өміршеңдігін жан-жақты талдап айтып беруімен, ел үшін қызмет етудің басты қасиеттеріне тоқталды. Соған орай, жастарды өз заманына сай, айтарлықтай шығармашылық әлеуеті бар жеке тұлғаны қалыптастыру үшін, педагогикалық мәдени іс-шаралардың мазмұнды өтуімен байланысты болмақ. Себебі, оқытып, тәрбиелеу – қоғамдық құндылықтарды жасау арқылы қоршаған ортаны түрлендіреді, өмір мен басқа ортаны жақсартудың құралы болып табылады.

Ең бастысы, қазіргі қоғамға өз пікіріне берік, жоғары идеялық-адамгершілік қасиеттерімен көрінетін жастар сұраныста. Осындай әлеуметтік мақсаттар педагогикалық тәрбиелеу іс-әрекеті арқылы жүзеге асатыны сөзсіз.

XX ғасыр басында еліне бағдар шаммен түзу жол көрсетуге жанын салған Алаш арыстарының рөлін меңгерудегі, биылғы жоғары оқу орындары студент-жастар арасындағы өткен интеллектуалды Олимпиаданың тәрбиелік мәні зор болды. Алаштың құрылғанына 100 жыл толуына орай «Ұлы тұлғаларға тағзым» атты тақырыпта өтті.

Бұл Республикалық олимпиаданың мақсаты: болашақ кәсіби мамандар, бүгінгі студенттердің тарихтан алған білім саласы бойынша интеллектуалдық, логикалық ойлау шеберліктерін арттырып, жүйріктік, алғырлық, тапқырлық т.б. қасиеттері тұрғысынан дағдыларын шыңдау.

Жастардың бойындағы дарындылық, білімділік сынды озық қасиеттерін насихаттап, көпшілікке таныту.

Міндеттері:

- Қазақ тарихындағы дара тұлғалардың еңбектері мен ерлік істерін үлгі ету арқылы студенттердің бойындағы патриоттық сезімін арттыру;

- Жастардың кәсіби әлеуетін, шығармашылық қабілеттерін шыңдау;

- Студенттердің толыққанды жеке тұлға ретіндегі азаматтық ұстанымын орнықтыру.

XX ғасыр ұлттық жаңғыру, ұлттық мүддені білдірудегі танымал қайраткерлердің күресі. Ол екі себепке тән:

1. Отарлық тәуелділік.

2. Феодалдық шенеулік.

Ал, XXI ғасыр рухани жаңғыру: Алаш зиялыларынан сабақ алу, ұлттық қауіпсіздігімізді, елдігімізді сақтап, әлем елдерімен керегеміз тең болу.

Біздің Алматы технологиялық университетінің «Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының профессор-оқытушыларының студент жастарға берген кеңесі, қамқорлығы нәтижелі көрсеткішпен «Бас жүлдені» иеленуі университет мерейін көтерді. «Кәсіптік оқыту» мамандығының 1-курс студенттерінен құрылған «Қыран» тобы, өздерінің жан-жақтылықтарын көрсетті. Ғылыми жоба тақырыбы: «Тұманды тормен айқасқан – Алаш». Жоба олимпиада талаптарына сай, сәтті қорғалып, әділқазылар алқасынан жоғары баға алды. Алаш қайраткері, «Педагогика» оқулығының авторы М. Жұмабаев «Ұлт бақыты тәрбиеден» деп бекер айтпаса керек. Ғалымның айтуынша, «Ұлт бақыты – тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты» деп қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Расында да, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады. Оны жоғарыда атап өткендей, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінен байқаймыз.

Ұлттық идея – рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі. Елбасының «Тарих толқынында» атты еңбегінде мемлекет дамуының жалпы бағыттарын нақтылау көзделген.

Қазіргі таңда қазақ деген халықтың әлемдік дәрежеде танылуы, оның ұлттық санасына, болмысы, таным, мінезінде т.б. екенін негіздей отырып, ұлт келбетінің сипаттамасын айқындайды. Міне, адам капиталын жан-жақты дамыту, өткеннен сабақ алуды тұтас педагогикалық үдерістер арқылы ұрпақ санасына жеткізетініміз анық.

Елбасы «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Жылдам дәуірде кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді» [4].

Олай болса, адам туралы ғылымдар жүйесіндегі – педагогиканың рөлін арттыра

беруді қолға алғанымыз жөн. Себебі, саналы да сапалы оқу-тәрбие үдерісі қалыптасқан елдің қашанда еңсесі биік.

Қолданылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы // Егемен Қазақстан. №6. 10-қаңтар, 2018 ж.
2. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік. Педагогика. – Алматы, 2017 ж. 81 бет.
3. Педагогика. Оқулық. Абай атынд. ҚазҰПУ-і. 2005 ж. 325 бет.
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. //Егемен Қазақстан. 12-сәуір, 2017 ж.

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДЫ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рысқаным Жолболсынқызы БАХТИЯРОВА,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚБАИ»

тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру
кафедрасының меңгерушісі

«Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен заманауи оқу бағдарламалары. Бұлар біздің балаларымызға қажетті функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дарытады» – деп атап көрсеткен болатын Елбасы Н. Назарбаев өзінің кезекті халыққа арнаған жолдауында.

Қазақстандық білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Бұл қазіргі уақытта педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты көрініс тауып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Технология, коммуникация мен ғылым салалар дағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр. Женевадағы Халықаралық еңбек ұйымының (2006) баяндамасы мұның жеке азаматтар үшін маңыздылығын көрсетті: «... көлік және коммуникация саласындағы елеулі жетістіктермен қатар, сауда мен капитал ағымын ырықтандыру: өз еңбегінің жемісін сату үшін әлемдік нарықта өзара бәсекелестіктегі жұмысшылар мен жұмыс берушілердің саны күннен-күнге артып келе жатқандығын көрсетеді» (VII б.). Жаһандану тек жұмыс орындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді. [1]

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың тиімді технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-